e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 20.10.2026
Сақтау күні 04.11.2026
Дата редакции 20.10.2026
Дата скачивания 04.11.2026

Жамбыл ауданының (Алматы облысы) әкімдігі

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 20 қазандағы № 378 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылы 21 қазанда № 40215 болып тіркелді

Акимат Жамбылского района

«Жамбыл ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы» Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 256 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1 «Жамбыл ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы» Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 256 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3127 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. «Жамбыл ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны алғашқы ресми жарияланғаннан кейін Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы әкімі **Н. Ертас**